

Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық инфрақұрылымдық жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 шілдедегі № 606 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық инфрақұрылымдық жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдары Жоспарды іске асыру бойынша қажетті шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 25 шілдедегі
№ 606 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық инфрақұрылымдық жоспары

Құрылымы

- 1-бөлім. Паспорт
- 2-бөлім. Жоспардың мақсаттары
- 3-бөлім. Жоспар жобаларын іріктеудің тәсілдері мен өлшемшарттары
- 4-бөлім. Инфрақұрылым бағыттары
- 5-бөлім. Ағымдағы ахуалды талдау, инфрақұрылым бағыттарының нысаналы индикаторлары
 - 5.1. Энергетикалық инфрақұрылым
 - 5.2. Көліктік инфрақұрылымы
 - 5.3. Сумен жабдықтау және су бұру инфрақұрылымы
 - 5.4. Цифрлық инфрақұрылым
- 6-бөлім. Жоспар жобаларын іске асыру кезінде өңдеу өнеркәсібін пайдалану
- 7-бөлім. Жоспардың қаржылай қамтамасыз етілуі және әсері
- 8-бөлім. Жоспардан күтілетін экономикалық әсер

1-бөлім. Паспорт

--	--

Атауы	Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық инфрақұрылымдық жоспары
Әзірлеу үшін негіз	2023 жылғы 29 наурызда Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясының ашылуында Қазақстан Республикасының Президенті берген тапсырмаларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 11-тармағының 4-бағыты. Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспары тармақтарының орындалуын бақылауды бекітудің 19-тармағы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 86-тармағы
Іске асыру мерзімі	2024 – 2029 жылдар

Сегізінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясының ашылуында Қазақстан Республикасының Президенті елдің орнықты инфрақұрылымдық негізін қалыптастыруға бағытталған Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық инфрақұрылымдық жоспарын әзірлеуді тапсырды.

Ұлттық инфрақұрылымдық жоспар (бұдан әрі – Жоспар) – Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін, халық пен экономиканың қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін елдің орнықты инфрақұрылымдық негізін құруға бағытталған жедел іс-қимыл жоспары.

Жоспардың стратегиялық міндеті басым жобаларды, нысаналы көрсеткіштерді және инфрақұрылым бағыттарын айқындау болып табылады.

2-бөлім. Жоспардың мақсаттары

1. Халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жүйесінің сенімділігі.
2. Экономикалық өсуді қамтамасыз ету.

3-бөлім. Жоспар жобаларын іріктеудің тәсілдері мен өлшемшарттары

Жоспар жобаларын іріктеудің негізгі тәсілдері:

1. Сыртқы және ішкі инфрақұрылымдық негізді нығайта отырып, өңірлерді бірыңғай экономикалық кеңістікке интеграциялау арқылы өңіраралық, аумақтық байланысты қамтамасыз ету.

2. Қалалардағы тұрмыс сапасының ұлттық рейтингін және Қазақстанның өңірлік әл-ауқат индекcін мониторингтеу құралдарына айналдыруға болатын өңіраралық алшақтықтар мен инфрақұрылымдық қамтамасыз етудегі теңсіздікті қысқарту.

3. Қолданыстағы және перспективалы отандық өнеркәсіптік әлеуетті барынша тарту

Жоспар жобаларын іріктеудің негізгі өлшемшарттары:

1. "Экономикалық өміршеңдік" – жоба ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етуге, сапалы жұмыс орындарын құруды ынталандыруға, экономиканың басқа салаларына мультипликативтік әсерін тигізуге, ресурстарды пайдаланудың тиімділігі саласында жаңа технологиялық жетістіктерді қолдануға тиіс.

2. Сыртқы және өңіраралық байланысты жақсарту.

3. Экологиялық жауаптылық – жоба климаттың өзгеруі мен дүлей апаттардың алдын алу қағидатына сәйкес келеді, қоршаған ортаны қалпына келтіруге және биоәртүрлілікті қорғауға бағытталған.

4. Елішілік құндылық үлесін ұлғайту – жоба ғылыми-техникалық әзірлемелер мен өндіріс саласында отандық мүмкіндіктерді барынша пайдалануға және дамытуға немесе елішілік құндылықты қамтамасыз етуге міндетті.

5. Елдік ауқым.

4-бөлім. Инфрақұрылым бағыттары

Ұлттық басымдықтарды, бірінші кезектегі стратегиялық міндеттердің орындалуын ескерсек, инфрақұрылым бағыттарының әрқайсысында жобаларды олардың басымдығына қарай екі санатқа бөлу көзделеді:

А тізбесі – елдің экономикалық дамуын қамтамасыз ететін энергетика, сумен жабдықтау, су бұру және цифрландыру объектілері (жылу электр станциялары (бұдан әрі – ЖЭО), бу-газ қондырғылары, гидроэлектр станциялары, мемлекеттік аудандық электр станциялары, энергия желілері, жылу желілері, газ өңдеу, газдандыру, су қоймалары, су арналары, гидротехникалық құрылыстар, облыс орталықтарында кәріз-тазарту құрылыстарын (бұдан әрі – КТҚ) қамтамасыз ету, ауылдық елді мекендерді (бұдан әрі – АЕМ) кең жолақты қолжетімділікпен қамтамасыз ету сияқты), сондай-ақ стратегиялық және түйінді көліктік-логистикалық бағыттар (Орталық – Оңтүстік (Астана – Қарағанды – Балқаш – Алматы), Талдықорған – Қалбатау – Өскемен дәліздерін реконструкциялау, Ақтауда контейнерлік хаб құру, теңіз флотын дамыту), "Транскаспий халықаралық көлік маршруты" (бұдан әрі – ТХКМ) дәлізі шеңберіндегі теміржол инфрақұрылымының объектілері арқылы қоғамды базалық қажеттіліктермен қамтамасыз етуге арналған аса маңызды инфрақұрылым.

А тізбесінің жобаларын іске асыру Жоспарда көрсетілген мерзімдерде басым тәртіппен жүзеге асырылатын болады.

В тізбесі – А тізбесіне кірмеген, қаржыландыруға қолайлы жағдайлар болған кезде іске асыру жоспарланатын жобалар (мұнай құбырын кеңейту, автожолдардың жекелеген учаскелерін, өткізу пункттерін реконструкциялау, локомотив паркін жаңарту, қалаларда КТҚ салу және реконструкциялау).

Жоспарда инфрақұрылымның 4 бағыты көзделіп, олар бойынша А және В тізбелерін қамтитын 204 жобаның тізбесі көзделген:

- 1) энергетикалық инфрақұрылым – 46 жоба;
- 2) көліктік инфрақұрылым – 59 жоба;
- 3) сумен жабдықтау және су бұру инфрақұрылымы – 89 жоба;
- 4) цифрлық инфрақұрылым – 10 жоба.

5-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау, инфрақұрылым бағыттарының нысаналы индикаторлары

5.1. Энергетикалық инфрақұрылым

Ескерту. 5.1-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 22.12.2025 № 1126 қаулысымен.

Ағымдағы жағдайды талдау

Энергетика

Қазақстанда электр энергиясын беру және тарату ұлттық энергетика жүйесінде шешуші рөл атқарады.

2023 жылғы 1 шілдеден бастап нақты уақыт режимінде жұмыс істейтін электр энергиясының бірыңғай сатып алушы және теңгерімдеуші нарығы қағидаттарына негізделген электр энергиясы нарығының жаңа моделінің енгізілуі елдің энергетикалық секторын реформалау мен жаңғыртудағы маңызды қадам болды.

Алайда инфрақұрылым тозуының жоғары деңгейі елдің энергетикалық жүйесінің орнықты жұмыс істеуіне және елді мекендерді электрмен, жылумен жабдықтаудың сенімділігіне айтарлықтай әсерін тигізеді.

Қазақстанда электр энергиясын өндіруде шешуші рөл атқаратын бірнеше ЖЭО бар. Ірі ЖЭО-ларға Астанадағы 1-ші ЖЭО және 2-ші ЖЭО, Алматыдағы 3-ші ЖЭО, Қарағандыдағы ЖЭО кіреді. Бұл станцияларда электр энергиясын генерациялау үшін табиғи газбен, көмірмен және мұнаймен қоса, әртүрлі отын көздері пайдаланылады. ЖЭО-ны дамыту елдің энергетикалық қауіпсіздігі мен электр энергиясына деген сұранысын қамтамасыз ету үшін маңызды.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша электр станцияларындағы негізгі жабдықтардың тозуы 56 %-ға жетеді, Орал және Кентау ЖЭО сияқты кейбір станцияларда бұл көрсеткіш 85-88 %-ды құрайды.

Электр энергиясы мен қуаттың тапшылығы көбіне авария деңгейінің жоғары болуына, генерациялаушы жабдықтағы техникалық шектеулерге, сондай-ақ маневрлік генерациялық қондырғылар санының жеткіліксіз болуына байланысты, бұл генерациялаушы қуаттардың тарихи қалыптасқан құрылымына байланысты энергия жүйесіндегі теңгерімсіздікті тиімді түрде өтеуге мүмкіндік бермейтінін айта кету қажет.

Осыған байланысты Жоспарда электр энергиясын тұтынудағы өсімді өтеуге бағытталған жаңа қуаттарды енгізу көзделетін жобаларды іске асыру қаралған. Жаңа электр станцияларын салу және қолданыстағыларын жаңғырту жобалары мынадай бірнеше себеп бойынша А тізбесіне енгізілген:

- 1) халықты электрмен және жылумен сенімді жабдықтауды қамтамасыз етеді;
- 2) тыныс-тіршілік үшін маңызды объектілердің жұмысын қамтамасыз етеді;
- 3) ел экономикасын дамытуда түйінді элемент болып табылады;
- 4) елдің импортталатын энергияға тәуелділігін төмендетуге мүмкіндік береді, осылайша энергетикалық қауіпсіздікті арттырады;
- 5) авариялық жағдайлардың туындау қаупін азайтады.

Жел энергетикасы мен күн энергиясымен қоса жаңартылатын энергия көздері (бұдан әрі – ЖЭК) Қазақстанда маңызды рөл атқарады. Олар энергия көздерін әртараптандыруға көмектеседі, көмір мен газ сияқты дәстүрлі көздерге тәуелділікті азайтады және парниктік газдар шығарындыларын азайтуға ықпал етеді, бұл климаттың өзгеруімен күресу үшін маңызды.

Жоспарда 2029 жылға дейін Total Eren, Masdar, ACWA Power және China Power International Holding сияқты стратегиялық халықаралық әріптестердің қатысуымен іске асырылатын ЖЭК-тің ірі объектілерін іске асыруды аяқтау жоспарлануда. ЖЭК саласында жетекші болып табылатын аталған компаниялар Қазақстанның жобаларына инвестиция салуға қызығушылық танытты, бұл елдің экономикалық дамуына және ЖЭК үлесін арттыруға ықпал етеді.

Электр желілерін беру және тарату

Қазақстан Республикасының электр желілері электр энергиясын трансформациялауға, беруге және (немесе) таратуға арналған қосалқы станциялардың, тарату қондырғыларының және оларды қосатын кернеуі 0,4-1 150 кВ электр беру желілерінің жиынтығын білдіреді.

Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикасы жүйесіндегі (бұдан әрі – ҚР БЭЖ) жүйе түзуші желінің рөлін ұлттық электр энергетикасы жүйесі орындайды, оған кернеуі 220 кВ және одан жоғары өңіраралық және (немесе) мемлекетаралық электр беру желілері жатады. 2024 жылғы 1 қаңтарға кернеуі 35-1 150 кВ 83 қосалқы станция жұмыс істейді, электр беру желілерінің жалпы ұзындығы 27 807,454 км құрайды.

Қазақстанның электр желілерінің орташа тозу деңгейі шамамен 67 %-ды құрайды. Солтүстік Қазақстан облысында тозу деңгейі ең жоғары – 95 %-дан астам және Астана қаласында тозу деңгейі ең аз, шамамен 30 %-ды құрайды.

Батыс Қазақстанның электр желілері ҚР БЭЖ-ден оқшауланған күйінде қалып отыр және батыс аймақтың жүйе түзуші желісіне толық жүктеме түседі, осыған байланысты транзиттік лектің өткізу қабілетінің жеткіліксіздігі байқалады.

Ішкі көздерден берілетін электр энергиясы жетіспеген жағдайда бірыңғай сатып алушы көрші елдерден энергия импортын жүзеге асырады, бұл халықаралық энергетикалық лекті теңестіруге және теңгерімсіздікті азайтуға септігін тигізеді, осыған байланысты Жоспарда Қазақстанның батыс аймағын БЭЖ-мен біріктіруге және электр желілерінің оңтүстік аймағын күшейтуге мүмкіндік беретін электр желілері жобаларын іске асыру көзделген.

Жылу желілері

2024 жылдың соңында Қазақстандағы жылу желілерінің жалпы ұзындығы 13 мың км құрады, олардың орташа тозу деңгейі 52 %-ға жетті. Павлодар (тозу 81 %), Абай (59,4 %), Қарағанды (64,3 %), Маңғыстау (62 %) және Шығыс Қазақстан (62 %) облыстарында күрделі жағдай байқалады. Тозу деңгейін төмендету мақсатында 2024 жылы жылумен жабдықтау жүйесін оңалту бағдарламасы шеңберінде 285 км жуық жылу желілері реконструкцияланып, күрделі жөнделуден өтті.

Бүгінгі күні еліміздің қалалары мен елді мекендерінің шамамен 60 %-ы орталықтандырылған жылумен қамтамасыз етілген. Жылумен жабдықтау секторында негізгі құралдардың тозуымен байланысты проблемалар туындауда, бұл оның рентабельділігін төмендетеді және жылыту маусымы кезінде технологиялық бұзылудың жиілеуіне әкеп соғады.

Тарифтердің төмен болуы және бюджеттік инвестициялардың шектеулі болуы қосымша қиындықтар туындатады.

Осыған байланысты Жоспарда Қазақстанның аумағында жылу желілерін жаңғырту жобасын іске асыру көзделген, бұл жылу желілерінің тозу көрсеткішіне оң әсерін тигізеді.

Мұнай тасымалдау инфрақұрылымы

Мұнай тасымалдау инфрақұрылымын дамыту және ішкі нарыққа мұнай шикізатын жеткізудің тұрақтылығын қамтамасыз ету елдің энергетикалық қауіпсіздігі мәселелерімен тікелей байланысты.

Елдің қолданыстағы тасымалдау жүйесі мұнайды отандық мұнай өңдеу зауыттарына тасымалдауды, экспортты қамтамасыз етеді, сондай-ақ транзиттік мүмкіндіктерге ие.

Қазақстанда өндірілетін мұнайдың шамамен 78 %-ы экспортқа жөнелтіледі. 2023 жылдың қорытындысы бойынша мұнай экспорты 70,5 млн тоннаны құрады (2020 жылы – 68,6 млн тонна, 2021 жылы – 67,6 млн тонна, 2022 жылы – 64,3 млн тонна).

Қазақстан Республикасының аумағында жалпы ұзындығы шамамен 8 мың км магистральдық мұнай құбырларының тармақталған желісі орналасқан ("ҚазТрансОйл" АҚ магистральдық мұнай құбырларының ұзындығы шамамен 5,4 мың км, КҚК қазақстандық учаскесі – 452 км, "Кеңқияқ – Атырау" – 449 км, Кеңқияқ – Құмкөл – 794 км, Атасу – Алашанькоу – 965 км).

2029 жылы Шымкент мұнай өңдеу зауыты жоспарланып отырғандай жылына 6-дан 12 млн тоннаға дейінге жаңғыртылғаннан кейін мұнай құбырларының қолданыстағы қуаты оны шикізатпен толық көлемде қамтамасыз етпейді.

Сондай-ақ Ақтөбе және Құмкөл кен орындарында мұнай өндіру деңгейінің одан әрі төмендеуін ескерсек, мұнай-газ кешенінің орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз ету, ішкі нарықтың мұнай өнімдеріне деген сұранысын қамтамасыз ету және ҚХР бағытында мұнай тасымалдаудың қосымша экспорттық маршруттарын одан әрі дамыту үшін мынадай учаскелердегі өткізу қуаттарын:

- 1) "Кеңқияқ – Атырау" мұнай құбырында жылына 6-дан 15 млн тоннаға дейін;
- 2) "Кеңқияқ – Құмкөл" мұнай құбырында жылына 10-нан 20 млн тоннаға дейін кеңейту қажет.

"Кеңқияқ – Атырау" және "Кеңқияқ – Құмкөл" мұнай құбырларын кеңейту мәселесі Шымкент мұнай өңдеу зауытын кеңейтумен (жылына 12 млн тоннаға дейін) байланысты "Шымкент мұнай өңдеу зауытын жаңғырту" жобасының ТЭН әзірленгеннен кейін қаралатын болады.

Газдандыру

Газ тасымалдау жүйесі 21,3 мыңнан астам км қамтып, Қазақстанның батыс, оңтүстік және орталық өңірлерінің тұрғындары үшін газ тасымалдауды қамтамасыз етеді. Бұл жүйе газды Ресейден Өзбекстанға және Түрікменстаннан Қытайға транзиттік тасымалдауда да маңызды рөл атқарады.

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ел халқын газдандыру деңгейі 62,4 %-ға жетті немесе 12,6 млн адам табиғи газға қол жеткізді (2020 жылы – 54,29 %, 2021 жылы – 57,67 %, 2022 жылы – 59 %, 2023 жылы – 59 %, 2024 жылы – 62,4 %).

Алайда елдің солтүстік және шығыс аймақтарының газдандырылмауы, сондай-ақ газды ішкі тұтынудың өсуіне байланысты қолданыстағы магистральдық газ құбырлары қуатының тапшылығы сияқты проблемалар бар. Газдандыру жағдайын жақсарту үшін Жоспар шеңберінде "Талдықорған – Үшарал", "Бейнеу – Бозой – Шымкент" (2-желі), Ақтөбе қаласынан Қостанай қаласына дейін, "Сарыарқа" 2, 3, 4-кезеңі магистральдық газ құбырларын салу бойынша 5 жобаны іске асыру көзделген.

Энергетикалық инфрақұрылымның мақсаттары, бағыттары, міндеттері және әсері

Мақсаттары	Бағыттары	Міндеттері	Әсері
	Энергетика	ЖЭК үлесін ұлғайту	меншікті ЖЭК генерациясын ұлғайту
		жаңа қуаттарды енгізу	өсіп келе жатқан тұтынуды жабу
		электрмен жабдықтау объектілерін жаңғырту	электр желілерін жаңарту , қуаттарды жаңғырту
		Қазақстан БЭЖ оңтүстік аймағының электр	тұтынушыларды электрмен жабдықтау

Энергетикалық қауіпсіздік	Электр желілерін беру және тарату	желісін күшейту, Қазақстанның батысы энергожүйесін Қазақстанның БЭЖ-імен қосу	сенімділігін арттыру және БЭЖ энергетикалық аймақтары арасындағы байланыстарды күшейту
	Жылу желілері	тозған жылу желілерін жаңғырту	жылумен жабдықтаудың сапалы қызметтерін ұсыну жылумен жабдықтау желілерінің тозуын азайту
Мұнай тасымалдау инфрақұрылымын дамыту	Мұнай тасымалдау инфрақұрылымы	мұнай құбырының ағымдағы қуатын кеңейту	Шымкент мұнай өңдеу зауытын кеңейткеннен кейін оған мұнай тасымалдауды қамтамасыз ету
Газ генерациясы	Газдандыру	газдандыру құрылысы	ел тұтынушыларын газбен қамтамасыз ету

Нысаналы индикаторлар

(кураторлар: Энергетика, Өнеркәсіп және құрылыс министрліктері)

Энергетика:

1. Өндіруші қуаттың тозуын 2029 жылға қарай 47 %-ға дейін төмендету (2024 жылы – 53 %, 2025 жылы – 50 %, 2026 жылы – 49 %, 2027 жылы – 49 %, 2028 жылы – 48 %, 2029 жылы – 47 %).

2. 2029 жылға қарай электр қуатының тапшылығын жою.

3. ЖЭК-тен электр энергиясының үлесі – 2029 жылға қарай өндірістің жалпы көлемінің 12,5 %-ы (2024 жылы – 6 %; 2025 жылы – 6,1 %; 2026 жылы – 7 %; 2027 жылы – 8 %; 2028 жылы – 10 %, 2029 жылы – 12,5 %).

4. Іске қосылатын жинақтаушы электр қуатының көлемі – 2029 жылға қарай 11,662 ГВт (2024 жылы – 0,728 ГВт, 2025 жылы – 1,199 ГВт, 2026 жылы – 3,712 ГВт, 2027 жылы – 4,377 ГВт, 2028 жылы – 8,547 ГВт, 2029 жылы – 11,662 ГВт).

Электр желілерін беру және тарату:

1. 2027 жылға қарай Қазақстан БЭЖ оңтүстік аймағының электр желісін күшейту.

2. 2028 жылға қарай Батыс Қазақстанның энергия жүйесін Қазақстан БЭЖ-імен біріктіру.

Жылу желілері:

1. Жылумен жабдықтау желілерінің тозуын 2029 жылға қарай 42 %-ға дейін төмендету (2024 жылы – 52 %, 2025 жылы – 51 %, 2026 жылы – 48 %, 2027 жылы – 45 %, 2028 жылы – 43 %, 2029 жылы – 42 %).

Мұнай тасымалдау инфрақұрылымы:

1. "Кеңқияқ – Атырау" мұнай құбырын реверс режимінде жылына 6 млн тоннадан 15 млн тоннаға дейін кеңейту.

2. "Кеңқияқ – Құмкөл" мұнай құбырын жылына 10 млн тоннадан 20 млн тоннаға дейін кеңейту.

Газдандыру:

1. Елді газдандыру деңгейі – 2029 жылға қарай 65,8 % (2024 жылы – 62,4 %, 2025 жылы – 64,2 %, 2026 жыл – 64,3 %, 2027 жылы – 64,5 %, 2028 жылы – 65,3 %, 2029 жылы – 65,8 %).

5.2. Көліктік инфрақұрылым

Ағымдағы жағдайды талдау

Теміржол инфрақұрылымы

Теміржол көлігі Қазақстан Республикасының экономикасында басты орында әрі экспорттық және транзиттік жүктерді тасымалдаудың түйінді буыны болып табылады.

Магистральдық темір жолдардың жалпы ұзындығы 16,0 мың км құрайды, бұған 11,0 мың км даражолды магистральдар (68,8 %), 5,0 мың км қосжолды (31,2 %) және 32,3 мың км көпжолды желілер кіреді. Электрлендірілген учаскелердің ұзындығы 4,2 мың км жетеді, бұл жалпы жол ұзындығының 26,3 %-ын құрайды.

Транзиттік, экспорттық және ішкі тасымалдар үшін өткізу қабілетін арттыруға баса назар аудара отырып, қолданыстағы инфрақұрылымды жаңғырту теміржол желісін дамытудың стратегиялық бағыты болып табылады. Өткізу қабілетінің озық резервін құру жоспарланып отырған "Қытай – Еуропа – Қытай" бағыты бойынша контейнерлік тасымалдар маршруттарына ерекше назар аударылады.

Бүгінгі күні өңірлер арасында тікелей қатынас құру арқылы республикаішілік тасымалдар маршруттарын оңтайландыруға, сондай-ақ транзиттік жүк жөнелтушілер үшін қазақстандық маршруттардың тартымдылығын арттыруға баса назар аудара отырып, оңтайлы теміржол желісі қалыптастырылуда.

Магистральдық теміржол желісінде теміржол инфрақұрылымының тасымалдау және өткізу қабілетіне (бұдан әрі – ӨҚ) айтарлықтай әсер ететін "осал жерлер" түріндегі шектеулі учаскелердің болуына байланысты өзекті проблемалар да бар екенін атап өткен жөн, олар:

- 1) Жарық – Қызылжар (ӨҚ 17 жұп пойыз);
- 2) Арыс – Түркістан – Қазалы (ӨҚ 17 жұп пойыз);
- 3) Қостанай – Тобыл (ӨҚ 16 жұп пойыз);
- 4) Жаңа-Семей – Локоть (ӨҚ 12 жұп пойыз);
- 5) Мақат – Сағыз (ӨҚ 11 жұп пойыз);
- 6) Никельтау – Әлімбет (ӨҚ 10 жұп пойыз);
- 7) Шұбаркөл – Арқалық – Есіл (ӨҚ 8 жұп пойыз);
- 8) Шалқар – Бейнеу (ӨҚ 8 жұп пойыз);
- 9) Тобыл – Қандыағаш (ӨҚ 7 жұп пойыз);
- 10) Қызылжар – Жезқазған – Сексеуіл (ӨҚ 7 жұп пойыз);

11) Маңғыстау – Өзен (ӨҚ 7 жұп пойыз);

12) Бастау – Жаңа-Семей (ӨҚ 6 жұп пойыз).

Теміржол инфрақұрылымының қазіргі жағдайы айтарлықтай тозумен және жеткілікті дамудың болмауымен сипатталады, атап айтқанда, 2023 жылы теміржол желісінің жалпы тозу деңгейі 57 %-ды құрады, бұл пойыздардың қауіпсіздігі мен жылдамдығын айтарлықтай төмендетеді. Магистральдық теміржол желілерін жөндеу және күтіп ұстау бойынша ағымдағы жұмыстардың шектеулі көлемі жол шаруашылығы жабдықтарының ескіруімен бірге жүйенің техникалық жай-күйінің нашарлауына әкеп соғады. Мәселен, теміржол желілерінің тозуы теміржол тасымалдарының қауіпсіздігіне әсер етеді, жолаушылардың өмірі мен денсаулығына төнетін қауіпті арттырады, сондай-ақ тасымалданатын жүктер мен инфрақұрылым объектілерінің сақталуына қауіп төндіреді.

Сонымен қатар желіні электрлендірудің төмен деңгейі және даражолды желілердің басым болуы теміржол көлігінің өткізу қабілетін шектейді, бұл жолаушылар мен жүктерді жеткізу жылдамдығына теріс әсерін тигізеді.

Осыған байланысты темір жолдардың сапасын арттыру және жолаушылар мен жүктерді сенімді және қауіпсіз тасымалдауға кепілдік беру мақсатында 2029 жылға қарай 11 мың км теміржол учаскелерін жөндеу жоспарланған.

Транзиттік тасымалдар көлемінің өсуін ынталандыру және көлік қызметтеріне ішкі сұранысты қанағаттандыру үшін инвестициялық жобалар іске асырылатын болады, яғни: "Достық – Мойынты", "Дарбаза – Мактаарал" теміржол желілері, сондай-ақ Алматы қаласының айналасындағы айналма тармақ, ҚХР шекарасындағы "Бақты" теміржол өткелі және өзге де жобалар сияқты негізгі учаскелерді салу, реконструкциялау және жаңғырту.

Автомобиль жолдары

Қазақстандағы автомобиль жолдары елдің әртүрлі өңірлерін байланыстыра отырып және транзиттік маршруттарды қамтамасыз ете отырып, көлік қолжетімділігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Олар экономиканың дамуына және халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға ықпал ете отырып, жүктер мен жолаушыларды тасымалдаудың негізгі құралы болып табылады.

Халықаралық, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының, сондай-ақ Қазақстанның қалалары мен елді мекендеріндегі көшелердің ұзындығы 156 мың км құрайды, оның ішінде:

1) халықаралық және республикалық маңызы бар жолдар шамамен 25 мың км алып жатыр, оның 91 %-ы нормативтік техникалық жағдайда;

2) облыстық және аудандық маңызы бар жолдардың ұзындығы 70 мың км, оның 85 %-ы нормативтік техникалық жай-күйге сәйкес келеді;

3) қалалар мен елді мекендердің көше-жол желісіне 61 мың км тиесілі.

Жолдардағы көлік құралдары санының өсуі жол желісіне жүктемені едәуір арттырады. Көлік инфрақұрылымы мен инновацияларды дамытуды қаржыландырудың қазіргі деңгейінде бұл жақын арада жолдардың жай-күйінің нашарлауына және олардың өткізу және тасымалдау қабілетінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Сонымен қатар көлік құралдарын жаңартудың қазіргі қарқыны автобустар мен жүк көліктерінің техникалық жай-күйін нашарлатуы, оларды күтіп ұстау шығыстары мен экологиялық жүктемелерді арттыруы мүмкін, бұл ұлғайып келе жатқан ауаның ластану деңгейіне әсер етеді.

Аталған сын-қатерлерге жауап ретінде халықаралық маршруттар мен Қазақстанның мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерін қоса алғанда, маңызды көлік дәліздерінің техникалық жай-күйін жақсарту және өткізу қабілетін арттыру жоспарлануда, бұл қозғалыс тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыруды қамтамасыз етеді.

Су инфрақұрылымы

Қазақстанның су көлігі Каспий теңізіндегі үш теңіз портын – Ақтау, Құрық және Баутиноны, сондай-ақ ішкі су порттарының желісі мен гидротехникалық инфрақұрылымды қамтитын бірнеше кеме жүзетін өзендер мен су қоймаларын қамтиды. Каспий теңіз порттарының өткізу қабілеті 21 млн тоннаны құрайды. Ақтау және Құрық порттарында түрлі терминалдар: мұнай құю, астық, паром, құрғақ жүк және әмбебап терминалдар жұмыс істейді. Порттар жүзіп келу жолдарының барлық қажетті түрлерімен жабдықталған және құйылмалы, құрғақ, негізгі, габаритті емес жүктерді ауыстырып тиеуді, вагон жүктерін тиеуді/шығаруды, сондай-ақ автомобиль құралдарын тасымалдауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін инфрақұрылымы дамыған.

Алайда бірқатар проблемалар бар: ұлғайып келе жатқан экспорттық және транзиттік жүк легін өңдеу үшін порттардың жеткіліксіз қуаты, Қазақстанда ішкі сауда флоты үшін ірі тоннажды кемелер өндірісінің болмауы, сондай-ақ Ақтау портының қайта тиеу жабдықтары мен айлақтық құрылысжайларының айтарлықтай тозуы. Бұдан басқа, Ақтау портында инфрақұрылымды жаңғыртуға инвестиция салу мүмкіндіктері шектеулі, бұл қайта тиеу және мұнай құю жабдығының, гидротехникалық және айлақтық құрылысжайлардың ескіруіне алып келеді, осылайша көрсетілетін қызметтердің жалпы тиімділігі мен сапасын төмендетеді.

Ішкі су көлігі инфрақұрылымының тозуы да байқалады. Жағалау инфрақұрылымы мен шлюздердің санының жеткіліксіз болуы мен тозуы кеме қатынайтын су жолдарында проблемалар туындатады, бұл олардың өткізу қабілетін шектейді және ішкі су жолдарының өткізу әлеуетін тиімді пайдалануға кедергі келтіреді.

Бұл проблемаларды жою үшін Құрық портында көпфункционалды "Саржа" теңіз терминалын салу жоспарлануда, ол астық жүктерін, негізгі, контейнерлік, үйінді және құйылмалы жүктерді өңдеуге арналған терминал қуатын ұлғайтады.

Ақтауда контейнерлік хаб құру, теңіз түбін тереңдету жұмыстарын жүргізу және Жоспарда көзделген бірқатар басқа жобаларды іске асыру жоспарлануда.

Авиациялық инфрақұрылым

Қазақстандағы авиация еліміздің әртүрлі өңірлері арасында, сондай-ақ халықаралық тасымалдарда жылдам және тиімді байланысты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

"Air Astana", "Fly Arystan", "SCAT", "Qazaq Air", "Южное небо" және "Жетісу" авиакомпанияларын қоса алғанда, алты авиакомпания тұрақты коммерциялық авиатасымалдарды жүзеге асырады.

Ішкі авиажелілерге келетін болсақ, қазіргі уақытта аптасына жалпы саны 637 рейсті құрайтын 54 маршрут жұмыс істейді (2023 жылдың соңында – аптасына 623 рейспен 52 маршрут).

Халықаралық авиақатынастардың маршруттық желісі 29 елге аптасына 591 рейспен 111 маршрутты құрайды (2023 жылдың соңында – 28 елге 504 рейспен 91 маршрут).

13 отандық әуежайда "ашық аспан" режимі жұмыс істейді (Астана, Алматы, Тараз, Шымкент, Ақтау, Семей, Қарағанды, Өскемен, Павлодар, Петропавл, Көкшетау, Түркістан және Ақтөбе қалалары), ол рейстер саны бойынша барлық шектеулерді алып тастауды және қазақстандық авиакомпаниялар қатынамайтын маршруттар бойынша шетелдік авиакомпанияларға "ауа еркіндігінің" бесінші дәрежесін беруді көздейді.

Мемлекеттік тізілімде 947 әуе кемесі тіркелген. Тұрақты коммерциялық тасымалдарға 96 ұшақ жұмылдырылған.

Әуе кемелерінің шығарылғанына орта есеппен 14,7 жыл болған ("Air Astana" – 5, "SCAT" – 25, "Qazaq Air" – 5,5, "Южное небо" – 45, "Жетісу" – 4).

Қазақстанда 18 халықаралық және 6 өңірлік әуеайлақты қоса алғанда, 24 сертификатталған әуеайлақ бар. Түркістан қаласының әуежайын қоспағанда, барлық әуежайлар кеңес заманында салынып, жабдықталған.

Астана мен Алматы қалаларын қоспағанда, Қазақстанның халықаралық әуежайларының көпшілігінде (Атырау, Ақтөбе, Балқаш, Зайсан, Қостанай, Көкшетау, Қызылорда, Павлодар, Петропавл, Семей, Талдықорған, Өскемен, Үшарал, Үржар және Шымкент) әуеайлақтарды күтіп ұстау, ұшуға авариялық қызмет көрсету және әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету үшін арнаулы техника мен жабдық тапшылығы өткір болып отырғанын атап өту қажет.

Бұл ретте еліміздің әуежайларында пайдаланылатын арнайы техниканың шамамен 72 %-ы 12 жылан астам уақыт бойы пайдаланылып келеді және тозған күйде, 20 жылдан асқан техника кеңінен қолданылады, қажетті техниканың жекелеген түрлері мүлдем жоқ.

Жалпы әуеайлақтарда жарактандыру мен күтіп ұстау деңгейі жеткіліксіз, атап айтқанда, көпшілігі күрделі метеорологиялық жағдайларда және түнгі уақытта жұмыс істеу үшін қонуға дәл кіру жүйелерімен (жарықпен сигнал беру жабдығы, электр қуаты

жабдығы, кабельдік желілер, жанармай құю кешендерінің инфрақұрылымы, арнайы техника) жеткіліксіз жабдықталған.

Бұдан басқа, әуеайлақтарды реконструкциялау, жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі жұмыстардың жиілігі мен көлемі белгіленген нормаларға сәйкес келмейді, бұл авиатасымалдардың қауіпсіздігі мен сенімділігін айтарлықтай төмендетеді.

Демек, жүк және жолаушылар легінің өсуіне қарай елдің өңірлік әуежайлары, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған әуежайларды жаңғырту орта мерзімді перспективада әуе транзитін дамытудың негізгі факторларына айналмақ.

Жоспарда негізгі хабтардың бірі болып табылатын Шымкент қаласының әуежайын қоса алғанда, бірнеше әуежайда аэровокзалдық үй-жайларды, ұшып-қону жолақтарын реконструкциялау көзделеді.

Көліктік инфрақұрылымның мақсаттары, бағыттары, міндеттері мен әсері

Мақсаттары	Бағыттары	Міндеттері	Әсері
Е л д і ң көлік-логистикалық әлеуетін кеңейту	Т е м і р ж о л инфрақұрылымы	т е м і р ж о л инфрақұрылымын салу	өткізу қабілеті мен транзиттік әлеуетті арттыру
		ж о л а у ш ы л а р вагондарының тозу деңгейін төмендету	жылжымалы құрам паркін жаңарту
	А в т о ж о л инфрақұрылымы	өткізу пункттерін жаңғырту	өткізу пункттерінің өткізу қабілетін арттыру; өткізу пункттерінде автокөліктің өтуінің ең көп уақытын қысқарту
		автомобиль жолдарын салу және реконструкциялау	I және II техникалық санатқа сәйкес келетін жолдардың үлесін ұлғайту
	С у к ө л і г і инфрақұрылымы	с у и н ф р а қ ұ р ы л ы м ы н с а л у ж әне реконструкциялау	контейнерлік хаб, теңіз терминалдарын салу
	А в и а ц и я л ы қ инфрақұрылым	әуежайлар мен оларға іргелес аумақтардың инфрақұрылымын кеңейту және жаңғырту	жаңартылған әуежайлар, жанармай құю кешендері, әуеайлақтарды күтіп ұстауға арналған арнайы техника мен жабдықтар
		әуе кемелерімен қамтамасыз ету	ұшу қауіпсіздігінің деңгейін арттыру және халықтың сұранысын қанағаттандыру үшін ұлттық авиакомпаниялар паркін жаңа әуе кемелерімен толықтыру

Нысаналы индикаторлар

(куратор: Көлік министрлігі)

Теміржол инфрақұрылымы:

1. Пайдалану мерзімі 25 жылдан асатын жылжымалы теміржол құрамының (жолаушылар вагондарының) үлесі (2024 жылы – 23,6 %, 2025 жылы – 18,7 %, 2026 жылы – 7,8 %, 2027 жылы – 4,4 %, 2028 жылы – 2,0 %, 2029 жылы – 3,5 %).

2. Жолаушылар айналымы, млн жолаушы км (2024 жылы – 12 025,4, 2025 жылы – 11 759,8, 2026 жылы – 11 616, 2027 жылы – 12 884,9, 2028 жылы – 14 252,3, 2029 жылы – 15 360).

3. Магистральдық теміржол желісін жаңарту (2024 жылы – 1 401 км, 2025 жылы – 1 480 км, 2026 жылы – 1 557 км, 2027 жылы – 1 743 км, 2028 жылы – 1 760 км, 2029 жылы – 1 726 км).

4. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзит көлемінің өсуі млн тонна (2024 жылы – 27,7, 2025 жылы – 27,7, 2026 жылы – 28,5, 2027 жылы – 29,5, 2028 жылы – 30,1, 2029 жылы – 30,7, оның ішінде контейнерлерде, мың ЖФЭ (2024 жылы – 1281, 2025 жылы – 1346, 2026 жылы – 1467, 2027 жылы – 1590, 2028 жылы – 1676, 2029 жылы – 1729).

5. Жүк айналымы млн ткм (2024 жылы – 286 318, 2025 жылы – 296 715, 2026 жылы – 309 716, 2027 жылы – 315 000, 2028 жылы – 320 675, 2029 жылы – 324 004).

6. 2029 жылдың соңына қарай маршруттардың өткізу қабілетін ТХКБ 6 есеге (9-дан 60 жұп пойызға дейін), солтүстік-оңтүстік – 2,4 есеге (7-ден 17 жұп пойызға дейін), РФ – ҚХР, ОА – 3 есеге (18-ден 60 жұп пойызға дейін), ҚХР – ЕО – 5 есеге (12-ден 60 жұп пойызға дейін) ұлғайту.

Автомобиль жолдары:

1. Транзиттік дәліздердің өткізу қабілеті, авто/тәулік (2024 жылы – 11 мың, 2025 жылы – 11,5 мың, 2026 жылы – 12 мың, 2027 жылы – 12,5 мың, 2028 жылы – 12,8 мың, 2029 жылы – 13 мың).

2. Нормативтік жағдайдағы республикалық маңызы бар жолдардың үлесі (2024 жылы – 93 %, 2025 жылы – 94 %, 2026 жылы – 95 %, 2027 жылы – 96 %, 2028 жылы – 97 %, 2029 жылы – 98 %).

3. Жолдардың реконструкцияланатын барлық учаскелерінен жүріп өту жолының уақытын қысқарту (2024 жылы – 139 сағат, 2025 жылы – 117 сағат, 2026 жылы – 116 сағат, 2027 жылы – 109 сағат, 2028 жылы – 106 сағат, 2029 жылы – 87 сағат).

4. Өткізу пункттерінің өткізу қабілеті, авто/тәулік (2024 жылы – 13 444, 2025 жылы – 30 331, 2026 жылы – 42 628, 2027-2029 жылдар – 53 000).

5. Автокөліктің өткізу пункттерінде жүріп өтуінің ең көп уақытын қысқарту, 1 бірлік автокөлікке шаққанда минут (2024 жылы – 30, 2025 жылы – 25, 2026 жылы – 20, 2027 жылы – 15, 2028 жылы – 15, 2029 жылы – 15).

6. Жол бойындағы сервис объектілері, бірл. (2024 жылы – 36, 2025 жылы – 48, 2026 жылы – 52, 2027 жылы – 60, 2028 жылы – 70, 2029 жылы – 70).

7. Қуаттау станцияларымен жарактандырылған объектілер саны (объектілер: 2024 жылы – 8, 2025 жылы – 28, 2026 жылы – 30, 2027 жылы – 40, 2028 жылы – 50, 2029 жылы – 78).

Су инфрақұрылымы:

1. Теңіз порттарының өткізу қабілеті, жылына млн тонна (2024 жылы – 22, 2025 жылы – 23, 2026 жылы – 24, 2027 жылы – 25, 2028 жылы – 26, 2029 жылы – 28, оның ішінде контейнерлерді ауыстырып тиеу бойынша мың ЖФЭ (2024 жылы – 90, 2025 жылы – 120, 2026 жылы – 180, 2027 жылы – 220, 2028 жылы – 250, 2029 жылы – 270).

2. Өзен көлігімен тасымалдау көлемін 3,7 млн тоннаға дейін ұлғайту (2024 жылы – 1,6 млн тонна, 2025 жылы – 1,7 млн тонна, 2026 жылы – 2 млн тонна, 2027 жылы – 2,5 млн тонна, 2028 жылы – 3,0 млн тонна, 2029 жылы – 3,7 млн тонна).

Авиациялық инфрақұрылым:

1. Қазақстандық авиакомпаниялар тасымалдаған жолаушылардың саны, млн адам (2024 жылы – 14,6, 2025 жылы – 16,1, 2026 жылы – 17,7, 2027 жылы – 19,5, 2028 жылы – 21,4, 2029 жылы – 23,6).

2. Қазақстан Республикасының әуежайларында қызмет көрсетілген жолаушылар саны, млн адам (2024 жылы – 28,7, 2025 жылы – 31,5, 2026 жылы – 34,7, 2027 жылы – 38,2, 2028 жылы – 42, 2029 жылы – 46,2).

3. Отандық әуежайлар өңдеген жүктердің көлемі, мың тонна (2024 – 152,2, 2025 – 160, 2026 – 167,8, 2027 – 176,2, 2028 – 185, 2029 – 194,3).

5.3. Сумен жабдықтау және су бұру инфрақұрылымы

Ескерту. 5.3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 22.12.2025 № 1126 қаулысымен.

Ағымдағы жағдайды талдау

Сумен жабдықтау

Сумен жабдықтау Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік дамуында аса маңызды рөл атқарады, өзендер, көлдер, жерасты сулары мен жасанды су қоймаларын қоса алғанда, түрлі көздерден қамтамасыз етіледі.

Алайда елдің кейбір облыстарында таза ауыз суға қол жеткізу және сумен жабдықтау мен кәріз инфрақұрылымы бойынша проблемалар бар. Соңғы жылдары Үкімет сумен жабдықтау және кәріз жүйелерін жаңғырту, суды тазартудың тиімді технологияларын енгізу және елдің барлық тұрғындары үшін су ресурстарына қолжетімділікті жақсарту бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

Мәселен, еліміздің өңірлері арасында Жамбыл облысы ауыз суға қолжетімділіктің ең төменгі деңгейін көрсетіп отыр, қалаларда – 91,9 %, ал ауылдық жерлерде Қостанай облысындағы көрсеткіш ең төмен – 80,4 %, Ақмола облысы – 89,8 % және Солтүстік Қазақстан облысы – 85 %.

Осыған байланысты 2025 жылға қарай қалған 24 қалада ауыз сумен 100 % қамтамасыз етілуге қол жеткізу жоспарлануда, сондай-ақ 2028 жылға дейін 19 су қоймасын салу және 15-ін реконструкциялау, Қ. Сәтбаев атындағы арнаны жаңғырту және 3 500 км 250 су арнасын реконструкциялау жоспарлануда.

Су бұру
Қазіргі уақытта Қазақстанның коммуналдық инфрақұрылым жүйесі кәріз желілері мен кәріз-тазарту құрылысжайларының тозуы мен жай-күйінің нашарлауының елеулі проблемасына тап болып отыр.

Қазақстандағы су бұру жүйесінің тозуы, әсіресе жекелеген елді мекендерде күрделі мәселе болып табылады. Көптеген су бұру жүйелері ондаған жылдар бұрын салынған және жаңарту мен жаңғыртуды қажет етеді.

Сонымен қатар ресурстарды оңтайландыру және қоршаған ортаға келеңсіз әсерді азайту мақсатында тазартылған сарқынды сулар мен қалдық тұнбаларды қайта пайдалану мәселелерін пысықтау қажет.

Қарағанды (75 %), Павлодар (73 %), Ұлытау (71 %), Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарында (70 %-дан) кәріз желілерінің барынша тозған.

Республиканың 89 қаласының 67 қаласында көрсетілетін коммуналдық қызметтердің сапасын жақсарту және экологиялық тәуекелдердің алдын алу үшін жаңа КТҚ салу, сондай-ақ барын жаңғырту және реконструкциялау талап етіледі.

Осыған байланысты Жоспарда су ресурстарының сапасын сақтауға және қоршаған ортаны қалыпты жағдайда ұстауға ықпал ететін тазарту құрылысжайларын салу және жаңғырту бойынша 67 жобаны іске асыру көзделеді.

Сумен жабдықтау және су бұру инфрақұрылымының мақсаты, бағыттары, міндеттері мен әсері

Мақсаты	Бағыттары	Міндеттері	Әсері
Су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру	Сумен жабдықтау	су қоймаларын салу және реконструкциялау	халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету, АЕМ су басу қаупін азайту
		арналарды реконструкциялау және жаңғырту	қалалар мен ауылдарда халықтың сумен жабдықтау қызметтеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету
		магистральдық су арналарын реконструкциялау	Павлодар, Қарағанды, Ақмола облыстары мен Астана қаласының ауыл шаруашылығы тауарын тұтынушыларына, халқына және өнеркәсіп орындарына суды кідіріссіз беру және

	Қ. Сәтбаев атындағы арнаны жаңғырту	сумен қамтамасыз етуді жақсарту, сондай-ақ суармалы жерлердің аудан үлесін арттыру
Су бұру	елді мекендерде су бұру (кәріз) жүйесін салу және жаңғырту	сарқынды суларды тазарту

Нысаналы индикаторлар

(кураторлары: Су ресурстары және ирригация, Өнеркәсіп және құрылыс, Ауыл шаруашылығы министрліктері, ЖАО)

Сумен жабдықтау:

1. 2029 жылға дейін жаңа 19 су қоймасын салу, бірлік (2025 жылы – 1, 2027 жылы – 5, 2028 жылы – 4, 2029 жылы – 9).
2. 250,0 мың га жаңа суармалы жерлерді игеру (2026 жылы – 6,5 мың га, 2027 жылы – 57,7 мың га, 2028 жылы – 90,8 мың га, 2029 жылы – 94,1 мың га).
3. 2025 жылға қосымша жинақталған су көлемі – $0,0011 \text{ км}^3$, 2027 жылы – $0,068 \text{ км}^3$, 2028 жылы – $0,79 \text{ км}^3$, 2029 жылы – $1,5 \text{ км}^3$.
4. Халық саны 206,5 мың адам болатын 134 АЕМ су басу қаупінің төмендеуі.
5. 2028 жылға дейін қолданыстағы 15 су қоймасын реконструкциялау, бірлік (2025 жылы – 3, 2026 жылы – 6, 2027 жылы – 6).
6. 74 мың га сумен қамтамасыз етуді жақсарту (2025 жылы – 14,8 мың га, 2026 жылы – 19,7 мың га, 2027 жылы – 19,7 мың га, 2028 жылы – 19,7 мың га).
7. 3 500 км² су арнасын реконструкциялау (2024 жылы – 25, 2025 жылы – 25, 2026 жылы – 25, 2027 жылы – 50, 2028 жылы – 75, 2029 жылы – 50).
8. Суару суының $0,5 \text{ км}^3$ ысырабын азайту (2024 жылы – $0,0237 \text{ км}^3$, 2025 жылы – $0,1605 \text{ км}^3$, 2026 жылы – $0,15 \text{ км}^3$, 2027 жылы – $0,125 \text{ км}^3$, 2028 жылы – $0,0408 \text{ км}^3$).
9. Қ. Сәтбаев атындағы арнаны 2024-2029 жылдар аралығында жаңғырту.
10. Қалалар мен ауылдарда халықтың сумен жабдықтау қызметтеріне қол жеткізуін 2025 жылға қарай 100 % қамтамасыз ету (қалаларда 2024 жылы – 99,5 %, 2025 жылы – 100 %), (ауылдарда 2024 жылы – 98%, 2025 жылы – 100 %).
11. Сумен жабдықтау желілерінің тозуын азайту (2024 жылы – 41 %, 2025 жылы – 40 %, 2026 жылы – 38 %, 2027 жылы – 36 %, 2028 жылы – 34 %, 2029 жылы – 32 %).

Су бұру:

1. Су бұру желілерінің тозуын азайту (2024 жылы – 53 %, 2025 жылы – 52 %, 2026 жылы – 50 %, 2027 жылы – 48 %, 2028 жылы – 46 %, 2029 жылы – 44 %).
2. Республикалық және облыстық маңызы бар қалалардағы сарқынды суларды тазарту деңгейі (2024 жылы – 79 %, 2025 жылы – 84 %, 2026 жылы – 85 %, 2027 жылы – 92 %, 2028 жылы – 97 %, 2029 жылы – 98,1 %).

5.4. Цифрлық инфрақұрылым

Ескерту. 5.4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 22.12.2025 № 1126 қаулысымен.

Ағымдағы жағдайды талдау

Интернетпен қамтамасыз ету

Цифрлық трансформация және азаматтармен және бизнеспен контактісіз өзара іс-қимыл жасауға көшу қолданыстағы телекоммуникациялық инфрақұрылымға жүктемені едәуір арттырды. Осы тегеурінді талаптарға жауап ретінде көптеген елдердің үкіметтері қосылыстардың өткізу қабілетін 50-100 Мбит/с дейін жақсарту жоспарларын бекітті.

Біріккен Ұлттар Ұйымының деректеріне сәйкес Қазақстан анағұрлым цифрландырылған 30 көшбасшы елдің қатарына кіреді. Алайда "Телекоммуникациялық инфрақұрылым" кіші индексында еліміз 65-ші орында. Қазіргі уақытта цифрлық экономиканың, ойын-сауық контентінің кеңеюіне және бизнестің виртуалды кеңістікке өтуіне байланысты интернет-трафикті пайдаланудың айтарлықтай өскені байқалады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша 6 406 елді мекеннің ішінен 116 қала мен 4 858 ауыл 3G және/немесе 4G мобильді технологиялары арқылы кең жолақты Интернетке қолжетімділікпен қамтамасыз етілді.

Елдің ауылдық жерлерінде Интернетке қолжетімділікті кеңейту осы аумақтардың орнықты дамуы үшін өте маңызды болып табылады. Қазіргі экономика жағдайында Интернет тек коммуникация құралы ғана емес, білім беру, бизнес, денсаулық сақтау және мемлекеттік басқару үшін қуатты құралға айналууда.

Шалғай өңірлерде Интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ету және көліктік инфрақұрылым объектілерін қолдау үшін талшықты-оптикалық желілерді төсеуді, антенналық-діңгекті құрылысжайлар орнатуды, сондай-ақ электр энергиясын тартып беруді қамтитын цифрлық инфрақұрылым салу талап етіледі.

Сонымен қатар BigTech компанияларын тарту және Қазақстанның цифрлық өңірлік хабқа айналуы үшін Tier III деңгейінен төмен болмайтын дерек өңдеу орталықтарын (бұдан әрі – ДӨО) салу қажет.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының аумағында дәстүрлі 51 ДӨО жұмыс істейді. 2023 жылдың қорытындысы бойынша ДӨО-да орнатылған және коммерциялық пайдалануға арналған тіректердің саны 3 766 бірлікті құрады.

ДӨО нарығын дамыту ел экономикасының барлық салаларын цифрландыру және цифрлық трансформациялау қарқынын, оның ішінде шағын және орта бизнес субъектілерінің қызметін автоматтандыру процестерін тереңдету арқылы арттырады.

Еліміздің халқына келсек, қызмет көрсету сапасын цифрландыру жолымен арттыру арқылы азаматтардың өмір сүру деңгейі жақсарады. Сонымен қатар әртүрлі саланың мамандары дерек өңдеу орталықтарына жұмысқа орналасуға мүмкіндік алады.

Цифрлық инфрақұрылымның мақсаты, бағыттары, міндеттері мен әсері

Мақсаты	Бағыты	Міндеттері	Әсері
Интернетпен қамтамасыз ету	Интернет	талшықты-оптикалық байланыс желілерін ауылдарға жеткізу	халықты жылдам Интернетпен қамтамасыз ету, цифрландыру
		республикалық және негізгі облыстық жолдарды мобильді Интернетпен қамтамасыз ету	
		республикалық және негізгі облыстық автожолдарда мобильді кең жолақты қолжетімділікпен қамту үшін цифрлық инфрақұрылым салу	
		деректерді өңдеу және сақтау (көрсетілетін қызметтердің қолжетімді болуы)	

Нысаналы индикаторлар:

(куратор: Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі)

АЕМ-ді кең жолақты қолжетімді Интернетпен қамту (2024 жылы – 80 %, 2025 жылы – 85 %, 2026 жылы – 90 %, 2027 жылы – 100 %).

Талшықты-оптикалық байланыс желілерін ауылға дейін жеткізу (%) (2024 жылы – 50 %, 2025 жылы – 60 %, 2026 жылы – 80 %, 2027 жылы – 90 %, 2028 жылы – 100 %).

Цифрлық инфрақұрылымды пайдалана отырып, республикалық және негізгі облыстық жолдарды мобильді Интернетпен қамтамасыз ету үлесі (2024 жылы – 50 %, 2025 жылы – 60 %, 2026 жылы – 70 %, 2027 жылы – 80 %, 2028 жылы – 90 %, 2029 жылы – 100 %).

Еуропа мен Шығыс Азия арасында баламалы тікелей арна салу (2024 жылы – 10 %, 2025 жылы – 100 %).

Жергілікті өңделетін транзиттік деректердің "Азия – Еуропа" жалпы трафигінен үлесі (2024 жылы – 2 %, 2025 жылы – 2,5 %, 2026 жылы – 5 %, 2027 жылы – 5,5 %, 2028 жылы – 6 %, 2029 жылы – 6 %).

6-бөлім. Жоспар жобаларын іске асыру кезінде өңдеу өнеркәсібін пайдалану

Жоспарда айқындалған инфрақұрылым бағыттары қазақстандық қамту үлесінің нысаналы индикаторларын, сондай-ақ пайдалануға жоспарланған материалдар есебінен Жоспар жобаларын іске асыру кезінде отандық өңдеу өнеркәсібінің әлеуетін пайдалануды көздейді.

Бұл ретте Жоспар жобаларын іске асыру кезінде отандық материалдарды пайдалану қажеттіліктерінің толық спектрі жобалық құжаттамалардың және қаржыландыру көздерінің дайын болу қорытындысы бойынша айқындалатын болады.

Энергетикалық инфрақұрылым

Энергетика

Электр генерациясы объектілерін салу және реконструкциялау кезінде қазақстандық қамту үлесі 20 % жетеді деп күтілуде (2024 жылы – 20 %, 2025 жылы – 20 %, 2026 жылы – 20 %, 2027 жылы – 20 %, 2028 жылы – 20 %, 2029 жылы – 20 %).

Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштерді отандық металл аспаптары мен құралдарын, жалпы құрылыс материалдарын (құм, цемент), электр беру желілеріне арналған сымдарды, химиялық реагенттерді (қышқыл, лактар), арнайы және мамандандырылған жүк көтергіш техникаға арналған шлангтерді, кәбілдік өнімдерді (муфта, ұштықтар), бекіту бұйымдарын (болт, алтықыр) пайдалану есебінен қамтамасыз ету жоспарлануда.

Электр желілерін беру және тарату

Энергия жүйесін күшейту және біріктіру кезінде қазақстандық қамту үлесі 13 % жетеді деп күтілуде (2024 жылы – кемінде 0,14 %, 2025 жылы – кемінде 0,27 %, 2026 жылы – кемінде 19,86 %, 2027 жылы – кемінде 33,0 %, 2028 жылы – 13,16 %).

Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштерді отандық темірбетон бұйымдары мен металл конструкцияларын, болат-алюминий сымдарын, найзағайдан қорғайтын тростарды, желілік-аспалы арматураны және шыны аспалы пластиналы оқшаулағыштарды, автотрансформаторларды, 500 кВ, 35 кВ, 10 кВ шунттаушы реакторларды, кәбілдік өнімдерді (қуатты және бақылау кәбілдері), 10 кВ тарату құрылғыларын пайдалану есебінен қамтамасыз ету жоспарлануда.

Жылу желілері

Жылу желілерін реконструкциялаған кезде қазақстандық қамту үлесі 60 % жетеді деп күтілуде (2024 жылы – 50 %, 2025 жылы – 52 %, 2026 жылы – 54 %, 2027 жылы – 56 %, 2028 жылы – 58 %, 2029 жылы – 60 %).

Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштерді қазақстандық компаниялардың қазақстандық өндіріс жабдықтарын (пенополиуретанды құбырлар, фитингтер, бұрмалар, сорғылар, бетонды науалар, арматуралар, жабын тақталары, құм, бетонды тіректер және т.б.) сатып алуға қатысуы есебінен қамтамасыз ету жоспарлануда.

Мұнай тасымалдау инфрақұрылымы

Мұнай тасымалдау инфрақұрылымы объектілерін салу жұмыстарын жүргізген кезде қазақстандық қамту үлесі 50 % жетеді деп күтілуде (2024 жылы – 0 % (Инвестициялық штаб шешімінің қорытындысы бойынша), 2025 жылы – 30 %, 2026 жылы – 50 %, 2027 жылы – 50 %).

Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштерді отандық тауарларды: резервуарларды, ысырмаларды, эстакадаларды, блоктық-модульдық ғимараттарды және т.б. пайдалану есебінен қамтамасыз ету жоспарлануда.

Газдандыру

Газ құбырларын салу жұмыстарын жүргізген кезде қазақстандық қамту үлесі 5 % жетеді деп күтілуде (2024 жыл – 2,5 %, 2025 жыл – 3 %, 2026 жыл – 3,5 %, 2027 жыл – 4 %, 2028 жыл – 4,5 %, 2029 жыл – 5 %).

Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштерді отандық ысырмаларды, металл конструкцияларды, полиэтилен құбырларды, болат құбырларды және т.б. пайдалану есебінен қамтамасыз ету жоспарлануда.

Көліктік инфрақұрылым

Теміржол инфрақұрылымы

Жаңа магистральдық теміржол желілерін салған кезде қазақстандық қамту үлесі орта есеппен 70 % жетеді деп күтілуде.

Жоғарыда көрсетілген көрсеткішті орындау мақсатында бүгінгі күні "Достық – Мойынты" учаскесінде екінші жол, Алматы станциясының айналма желісін, "Дарбаза – Мақтаарал" және "Бақты – Аягөз" жаңа желілерін салу сияқты барлық ірі теміржол инфрақұрылымдық жобаларында құрылыс кезіндегі жұмыстар мен материалдардағы үлес көбінесе отандық қамту есебінен жүзеге асырылатын болады (2024 жылы – 100 %, 2025 жылы – 72 %, 2026 жылы – 75 %, 2027 жылы – 36 %).

Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштерді қазақстандық өндірушілер мен компаниялардың материалдарды (рельстер, шпалдар, жасанды құрылыстарға арналған темірбетон бұйымдары, жол қиыршық тастары, дабыл беру, орталықтандыру және бұғаттау жабдықтары) жеткізуге және жұмыстарды (үйінділер, құбырлар, көпір құрылғылары бойынша, рельстерді құрастыру және төсеу, жолға балласт салу, энергетиканы орнату) жүргізуге қатысуы есебінен қамтамасыз ету жоспарлануда.

Автомобиль жолдары

Автомобиль жолдарын салу және реконструкциялау кезінде қазақстандық қамту үлесі 90 % жетеді деп күтілуде (2024 жылы – 80 %, 2025 жылы – 82 %, 2026 жылы – 84 %, 2027 жылы – 86 %, 2028 жылы – 88 %, 2029 жылы – 90 %).

Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштерді отандық жол-құрылыс материалдары мен бұйымдарын: қиыршық тас, битум, металл, тосқауыл қоршау, цемент және т.б. пайдалану есебінен қамтамасыз ету жоспарлануда.

Су инфрақұрылымы

Контейнерлік хаб пен теңіз терминалдарын салған кезде қазақстандық қамту үлесі 60 % жетеді деп күтілуде (2024-2025 жылдары – 52 %, 2026 жылы – 53 %, 2027 жылы – 55 %, 2028 жылы – 57 %, 2029 жылы – 60 %).

Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштерді өндірістік ғимараттар мен айлақтарды құм, цемент, құм-гранит қоспасы, төсемтас, жол жабыны (асфальт-бетон) сияқты жергілікті құрылыс материалдарын қолдана отырып салу есебінен қамтамасыз ету жоспарлануда.

Авиациялық инфрақұрылым

Әуежайларды, аэровокзалдарды және іргелес инфрақұрылымды салған және реконструкциялаған кезде қазақстандық қамту үлесі 60 % жетеді деп күтілуде (2024 жылға – 50 %, 2025 жылға – 52 %, 2026 жылға – 54 %, 2027 жылға – 56 %, 2028 жылға – 58 %, 2029 жылға – 60 %).

Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштерді қазақстандық өндірушілердің қатысуы есебінен қамтамасыз ету жоспарлануда. Әуеайлақтарды реконструкциялау кезінде битум, құм, қиыршық тас, бетон, асфальт сияқты қазақстандық қамтудың құрылыс материалдары пайдаланылатын болады.

Сонымен қоса терминалдарды салған кезде қазақстандық өндірушілердің материалдары: жылу оқшаулағыш материалдар, цемент, энергия үнемдейтін шамдар, терезе бұйымдары және жиһазбен ішкі жарақтандыру пайдаланылатын болады.

Сумен жабдықтау және су бұру инфрақұрылымы

Сумен жабдықтау

